

Жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифті бекіту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 170 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда № 20594 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 248) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 21.06.2022 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифті бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрі

Н. Ногаев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2020 жылғы 30 сәуірдегі № 170
бұйрығымен бекітілген

Жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифті бекіту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифті бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 248) тармақшасына сәйкес әзірленді және жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифті бекіту тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 21.06.2022 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бірыңғай сатып алушы – "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) көзделген тәртіппен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алуды және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға;

2) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

3) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) электр энергиясына арналған шекті тариф – уәкілетті орган әрбір жеті жыл сайын бекітетін, электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тобына енгізілген энергия өндіруші ұйым өндіретін электр энергиясы құнының электр энергиясын өндіруге арналған шығындардан және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20700 болып тіркелді) бұйрығымен бекітілген Электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайданың, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданың нормаларын айқындау әдістемесі бойынша айқындалатын пайда нормасынан тұратын ақшалай мәні.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 21.06.2022 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифті бекіту тәртібі

1-параграф. Жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдарды электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тобына енгізу

3. Жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдарды электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тобына енгізу үшін жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйым (бұдан әрі – Өтініш беруші) уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдарды электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тобына енгізу үшін өтініш;

2) электр станциясының және негізгі жабдықтың сипаттамасы (белгіленген қуаты, пайдаланылатын отын түрі, отын тұрған жерінен алыстығы) туралы еркін нысандағы ақпаратты;

3) жабдық паспортының көшірмесі;

4) есеп саясатының көшірмесі;

5) жүйелік оператор келіскен электр қуатын беру схемасы;

6) осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілетін электр энергиясын өндіруге арналған болжамды шығындар.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 07.09.2026 № 333-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Уәкілетті орган күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттардың және онда көрсетілген мәліметтердің толықтығын және Өтініш берушінің Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 147 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10627 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясына шекті тарифті, теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті бекіту қағидаларының (бұдан әрі - Шекті және теңгерімдеуші тарифтер қағидалары) 5-тармағында көзделген өлшемшарттарға сәйкес келуін тексереді.

5. Құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда, уәкілетті орган осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мерзім ішінде еркін нысанда қайтару туралы

хабарлама дайындайды және қайтару себептерін көрсете отырып, оны өтініш берушіге жібереді.

6. Өтініш беруші Шекті және теңгерімдеуші тарифтер қағидаларының 5-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мерзім ішінде өтініш берушіні энергия өндіруші ұйымдардың тобына енгізуден бас тарту туралы еркін нысанда хабарламаны дайындайды және себептерін көрсете отырып, оны өтініш берушіге жібереді.

7. Құжаттар осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген негіздер бойынша қайтарылған жағдайда, өтініш беруші уәкілетті органның ескертулерін жойып, хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттарды қайта ұсынады.

8. Құжаттарды қайтадан ұсынған кезде уәкілетті орган оларды күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қарайды және электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдар тобына енгізу туралы шешім дайындайды.

8-2. Энергия өндіруші ұйымдар жыл сайын 31 наурыздан кешіктірмей уәкілетті органның ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, уәкілетті органға электр энергиясын өндіруге және өткізуге жұмсалған шығындар бойынша, алдыңғы күнтізбелік жылдағы электр энергиясын өндіру және өткізу көлемдері бойынша есептерді ұсынады.

Ескерту. Қағидалар 8-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 07.09.2026 № 333-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-3. Уәкілетті орган энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын өндіруге және өткізуге жұмсайтын шығындарына, электр энергиясын өндіру және өткізу көлемдеріне мониторинг жүргізеді.

Ескерту. Қағидалар 8-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 07.09.2026 № 333-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Уәкілетті орган Заңның 5-бабының 70-3) тармақшасына сәйкес электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың топтарын бекітеді.

2-параграф. Жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифті есептеу

10. Жаңадан пайдалануға берілетін энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына арналған шекті тариф алдағы жылдың электр энергиясын өндіруге арналған болжамды шығындар негізінде айқындалады және жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар үшін бекітілген электр энергиясына арналған шекті тарифтердің қолданылу мерзіміне бекітіледі.

Жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына арналған шекті тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілетін электр энергиясын өндіруге арналған болжамды шығындар мыналардан тұрады:

болжамды материалдық шығындар (отын, отынды тасымалдау, технологиялық қажеттіліктерге арналған су, жанар-жағармай материалдары, қосалқы материалдар);

өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған болжамды шығындар;

болжамды әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар;

аукциондық сауда-саттық шеңберінде өткізілген генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды қоспағанда, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің болжамды амортизациясы;

болжамды жөндеулер (негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеулер);

қоршаған ортаға эмиссиялар үшін болжамды төлем;

су ресурстарын пайдаланғаны үшін болжамды төлем;

болжамды салықтар (жер, көлік, мүлік, пайдалы қазбаларды өндіру және басқа да міндетті төлемдер);

техникалық диспетчерлендіру жөніндегі болжамды көрсетілетін қызметтер;

электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді көрсету бойынша болжамды қызметтер;

бөгде ұйымдардың өндірістік сипаттағы болжамды көрсетілетін қызметтері.

Кезең шығыстарына мыналар:

әкімшілік персоналдардың еңбек ақысын болжамды төлеу;

міндетті сақтандыру түрлеріне арналған болжамды шығыстар, салықтар, алымдар мен төлемдер;

аукциондық сауда-саттық шеңберінде өткізілген генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды қоспағанда, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің болжамды амортизациясы;

болжамды іссапар шығыстары;

бөгде ұйымдардың болжамды көрсетілетін қызметтері (аудиторлық, банктік көрсетілетін қызметтер, байланыс көрсетілетін қызметтер) енгізіледі.

Бұл ретте, электр энергиясына арналған шекті тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілетін шығындар тікелей электр энергиясын өндіруге жатады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 21.06.2022 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-1. Іске қосу-баптау жұмыстары жүргізілетін кезеңде электр энергиясын өткізетін жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына арналған

шекті тариф электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шығындардан тұрады, уәкілетті орган бекітеді және электр энергиясына арналған шекті тариф енгізілгенге дейін қолданылады.

Жаңадан пайдалануға берілетін энергия өндіруші ұйым іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу кезеңіне шекті тарифті бекітуге арналған өтінімді энергетикалық объектідегі жұмыстардың басталатын күні туралы іске қосу-баптау ұйымының хабарламасына дейін кемінде екі ай бұрын Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 29 қазандағы № 627 бұйрығымен бекітілген Энергетикалық объектілері жабдықтарының техникалық-экономикалық сипаттамалары саласындағы нормативтік техникалық құжатқа 14-қосымшаға сәйкес береді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12374 болып тіркелген).

Ескерту. Қағидалар 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 07.09.2026 № 333-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-2. Іске қосу-баптау жұмыстары кезеңінде өткізілетін электр энергиясына арналған шекті тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілетін электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шығындарға тек материалдық шығындар (отын, отынды тасымалдау, технологиялық қажеттіліктерге арналған су, жанар-жағармай материалдары, қосалқы материалдар) кіреді.

Ескерту. Қағидалар 10-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 07.09.2026 № 333-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Алғашқы жеті жылға жаңадан іске қосылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифті есептеу формуласы:

$$\text{ЭШТ} = \frac{\text{ЭӨМШ}_{\square}}{\text{БЭК}_{\square}} + \frac{\text{ПН}}{\text{Рбелг} \times 24 \times 365}, \text{ мұнда}$$

ЭШТ – электр энергиясына шекті тариф;

ЭӨМШ – электр энергиясын өткізетін, энергия өндіруші ұйымдар тобына енгізілген энергия өндіруші ұйымдар арасында алдағы жеті жылға электр энергиясын өндіруге арналған максималды болжамды шығындар, теңгемен;

ПН– пайда нормасы, теңгемен;

БЭК - электр энергиясын өндіруге болжамды шығындары электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдар тобында максималды болып табылатын энергия өндіруші ұйымның электр станцияларының шиналарынан электр энергиясын жіберудің болжамды көлемі, киловатт сағат (кВт·сағ).

Рбелг – есепті жылдың басына энергия өндіруші ұйымның белгіленген қуаты, мың киловатт (мың кВт).

Электр энергиясына шекті тарифтің мөлшерлігі: теңге/кВт·сағ.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 11.03.2021 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК